

Әдістеме – библиография бөлімінің 2017 жылы құрастырылған баспа өнімдері

Құрастырылды: 5.01.2017 ж.



2017 жылға берілген Арқалық қаласы және аймағының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегінің кезекті шығарылымы ұсынылды. Бұл көрсеткіш Арқалық қаласының тарихы туралы, кітапханада бар мәліметтерді оқырмандарға жеткізу мақсатында құрастырылды. Ақпараттық құралға Торғай өңірінен шыққан атақты адамдардың мерейтойлары, мекемелер мен кәсіпорындардың, қалалар мен аудандардың, селолардың мерейтойлық даталары енгізілген.

2017 жылға берілген Арқалық қаласының атаулы күндер күнтізбегі [Мәтін] : [библиографиялық көрсеткіш] / «Арқалық қ. № 2 ОӘФК» КММ. ; Әдістеме – библиография бөлімі ; құраст. Сейтқожина Г. К. – Арқалық. – 2016. – Б. 44.


Құрастырылды: 17.02.2017 ж.



Ұлттық көркем ойға соңғы леп, терең таным әкелген қабырғалы қаламгерлердің бірі Төлен Әбдікұлының 75 жылдығына орай библиографиялық көрсеткіш құрастырылды. Бұл көрсеткіште жазушының өмірбаяны мен еңбектерінің және ол туралы жазылған әдебиеттер тізімі енгізілген. Көрсеткіш студенттерге, жазушының шығармашылығын зерттеушілерге, әдебиетті сүйіп оқитын қауымға арналған

Суреткердің парасат биігі [Мәтін] : [жазушы Төлен Әбдікұлының 75 жылдығына арналған библиографиялық көрсеткіш] / «Арқалық қ. № 2 ОӘҒК» КММ. ; Әдістеме –библиография бөлімі ; құраст. Сейтқожина Г. К. – Арқалық. – 2017. – Б. 20.


Құрастырылды: 11.01.2017 ж.



Еңбегімен елге танылған ғалым ағаларымыздың бірі Әнуар Байжұмановтың туғанына 80 жыл толуына орай жаднама шығарылды. Бұл басылымда ғалымның өмірбаяны, еңбектері және мерзімді басылым беттеріне шыққан мақалалар тізімі көрсетілген.

Ғылымның қия асуы [Мәтін] : [ғалым, профессор Әнуар Байжұмановтың 80 жылдығына арналған жаднама] / «Арқалық қ. № 2 ОӘҒК» КММ. ; Әдістеме – библиография бөлімі ; құраст. Сейтқожина Г. К. – Арқалық. – 2017. – 8.

Құрастырылды: 03.03.2017 ж.



Астанада ЭКСПО – 2017 өткізу құқығына ие болды. Астанадағы ЭКСПО – 2017 көрмесі ТМД елдері мен Орталық Азия аумағындағы өткізілетін алғашқы көрме болмақ. Мұндай ауқымды шараны еліміздің астанасында ұйымдастыру туралы ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев көтерді.

Осы көрмеге байланысты *«ЭКСПО – 2017 көрмесі елдіктің ерен жеңісі»* тақырыбында анықтамалық басылым шығарылды. Бұл басылымда бүкіл әлемдік көрмелер тарихы, дүниежүзлік көрменің шежіресі, көрменің пайдасы, осы көрмеге байланысты мерзімді басылым беттеріне жарияланған әдебиеттер тізімі көрсетілген.

ЭКСПО – 2017 көрмесі елдіктің ерен жеңісі [Мәтін] : [анықтамалық басылым] / «Арқалық қ. № 2 ОӘҒК» КММ.; Әдістеме – библиография бөлісі ; құраст. Ахметжанова А.К. – Арқалық. – 2017. – Б. 32.

